

Сапақкөл орта мектебі КММ

2022-2023 оқу жылындағы «Оқуға күштар мектеп»

жобасы бойынша іс-шаралар нәтижесі

Мектеп кітапханашысы: Медетова Г.

2022-2023 оқу жылы

Сапақкөл орта мектебінің мектеп кітапханасындағы

2022-2023 оқу жылындағы «Оқуға күштар мектеп»

жобасы бойынша өткен шаралардың нәтижесі

Жобаның негізгі мақсаты: Оқу мәртебесін, оқу белсенділігін, оқу сапасын, оқу деңгейін арттыру, оқушылардың интеллектуалды кітап оқу дәстүрін арттыру.


Жобаның міндеттері:

-Мектеп оқушыларының кітап оқу белсенділігін арттыру

-Мектеп оқушыларының қызығушылықтарын арттыра отырып, кітап оқуға бейімділіктерін арттыру

2022-2023 оқу жылы бойынша Оқуға күштар мектеп жобасы бойынша жұмыстар жалғасын табуда. Мектеп ішілік жоспар бойынша тақырыпқа сай шаралар өтілді.

Мектебімізде бастауыш сынып оқушыларына «Кітап-біздің досымыз» атты кітапхана бастауыш сынып оқушыларына саяхат өткізілді.



Мектеп кітапханасында 5-қыркүйек тілдер күніне орай «Тіл-ең асыл құндылық» атты сыныптан тыс шара өткізілді.

Мақсаты: Оқушыларға тілдің қадір-қасиетін арттырып, өзге тілдің бәрін біліп өз тілімізді құрметтеуге тәрбиелеу.



Республика күніне орай мектебіміздің кітапханасында «Менің Отаным Қазақстан» тақырыбында кітап көрмесі ұйымдастырылды.



«Күзгі серуен, күзгі демалыс, күзгі ғажап» атты оқушылардың күзгі демалысын тиімді өткізу мақсатында, мектеп кітап ханасында оқу сағаты өткізілді. Оқушылар демалыс уақыттарын кітап оқуға арнап, қызықты ертегі, әңгімелерді оқып, талдау жасап, ойларымен бөлісті.



15-қараша Тенге күніне мектеп кітапханасында ауыл кітапханашысымен бірлесе отырып сыныптан тыс шара өткізілді.

Мақсаты: Тәуелсіз еліміздің ең бірінші айрықша белгісі-тенге мен тереңірек таныстыру. Ақша айналымы тарихына мағұлмат беру. Оқушылардың Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде қол жеткізген жетістіктеріне мақтаныш сезімдерін ояту.



16-желтоқсан Тәуелсіздік күніне орай «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында мектеп кітапханасында «Тәуелсіздік елімнің еркін жолы» атты мәнерлеп оқу сайысы өткізілді. Сайыстың мақсаты мектеп оқушыларының тәуелсіздіктің оңай келмегені туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізу, азаттықтың жолында құрбан болған батыр аға-апаларын дәріптеу, еске алу.



«Желтоқсан құрбандары» кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Мақсаты: Тәуелсіздік ұғымын түсіндіру. Тәуелсіздік жолында құрбан болған казак халқының ерлігімен таныстыру. Туған жерді, елін сүйетін, ұлтжанды, намысшыл, адамгершілігі мол азамат етіп тәрбиелеу.



Мектеп кітапханасында «Қыста кітап» оқимыз атты шара өткізілді. Мақсаты: Оқушылардың қысқы демалысын тиімді пайдалана білуге тәрбиелеу. Демалыста қызықты кітаптар оқып, өздерін рухани байыта білуге, уақыттарын тиімді пайдалана білуге тәрбиелеу.



Мектебімізде М.Мақатаевтың туған күніне орай 1-9 сынып оқушылары арасында «Есіңе мені алғайсың...» атты мәнерлеп өлең оқу байқауы өтті. Сайыстың мақсаты ақынның қазақ әдебиетіне қосқан орасан зор еңбегін оқушыларға түсіндіру, насихаттау. Кеш соңында оқушылар диплом, алғыс хаттармен марапатталды.



Мектеп кітапханасында «Қазақ елі татулық мекені» атты көрме ұйымдастырылды.

Мақсаты: 1-мамыр Қазақстан халықтарының бірлігі күні ұлы қазақ даласында басқа ұлт өкілдерімен, бір шаңырақ астында татулықта, сыйластықта өмір сүріп жатқандығын оқушыларға ұғындыру.



Мектеп кітапханасында 7-мамыр Отан қорғаушылар күніне орай «Ер жігіт-ел қорғаны» атты көрме ұйымдастырылды.

Мақсаты Оқушылар Отанды сүйуге ерлік көрсеткен батырлардың бойындағы ер жүректілік, ұлт жандылық қасиетін дәріптеу. Отанын, елін қорғай білге тәрбиелеу.



«Кітапхана-сапалы білімнің сенімді кепілі» атты аудандық семинар өткізілді.





28-мамыр күні «Туған күніңмен Ақтөбе тақырыбында» Сарбие ауылдық кітапханашысымен берлесе отырып кітаптар көрмесі ұйымдастырылды.



Мектебімізде оқуға күштар мектеп жобасы аясында өткізілген барлық іс-шаралардың негізінде

* мектеп оқушылары мен мектеп мұғалімдерін кітапқа деген қызығушылығын арттыру

* мектеп оқушылары арасында кітап оқуды насихаттау

* әдеби кітапты тұрақты оқуға шақыру

* Отбасылық дәстүрді насихаттау негізінде, ата-аналар арасында кітап оқуды насихаттау

* кітап оқуды қызықты әрі пайдалы іс-шара ретінде ұсыну

* оқылған кітаптың мазмұнын талдап айтуға шақыру мақсаттары жүзеге асырылды.

Жыл бойы өткен іс-шаралар негізінде мектеп кітапханасындағы оқырман саны артып, мектеп оқушыларының кітапхана шарасына қатысу белсенділіктері артты.